

**"Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (айналдырылуы тиіс) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 мамырдағы № 581 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (айналдырылуы тиіс) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2002 ж., № 25, 260-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім), 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (ерекше бөлім), 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне, 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі), Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі, «Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі, «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 1999 жылғы 16 шілдедегі және «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**»;

2) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот актілерін орындау комитеті және оның аумақтық органдары жекелеген негіздер бойынша республикалық меншікке айналдырылған (айналдырылуы тиіс) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру бойынша уәкілетті орган болып белгіленсін.» ;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (айналдырылуы тиіс) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану ережесі:

мынадай мазмұндағы 33-1, 33-2, 33-3 және 33-4-тармақтармен толықтырылсын:

«33-1. Экономикалық орынды болса және мемлекеттік меншікке қабылданғаннан кейін нысаналы пайдалану мүмкіндігі болса, мүлік мемлекеттік меншікке өтеусіз

қ а б ы л д а н а д ы .

33-2. Мүлікті мемлекеттік меншікке өтеусіз беру кезінде экономикалық орындылығының және оны нысаналы пайдалану мүмкіндігінің негізгі критерийлері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мүліктің тиесілігінің белгіленген нормативтері мен лимиттері (автокөлік құралдары мен жылжымайтын мүлік үшін) шегінде мемлекеттік органдардағы берілетін мүлікке қажеттілікті а й қ ы н д а у ;

2) мүлікті нысаналы пайдалану мүмкіндігін айқындау және мемлекеттік органдарда ө н д і р і с т і к қ а ж е т т і л і к т і ң б о л у ы ;

3) берілетін мүліктің қаржылық қамтамасыз етілуі, сондай-ақ қабылданатын мүлікті ұстау және пайдалану бойынша қаржылық шығындар болып табылады.

33-3. Мүлікті республикалық мемлекеттік меншікке өтеусіз беру мынадай тәртіппен ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы :

1) уәкілетті органның аумақтық органы құқық белгілейтін құжаттар (бұдан әрі – құқық белгілейтін құжаттар) мен мүліктің құнын растайтын мәліметтерді қоса бере отырып, мүлікті республикалық меншікке өтеусіз беру туралы ұсыныспен уәкілетті о р г а н ғ а ж ү г і н е д і ;

2) уәкілетті орган құқық белгілейтін құжаттарды қоса бере отырып, мүлікті республикалық мемлекеттік меншікке өтеусіз беру туралы ұсыныспен мемлекеттік мүлік ж ө н і н д е г і у ә к і л е т т і о р г а н ғ а ж ү г і н е д і ;

3) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган уәкілетті органның өтінішін алған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде орталық атқарушы органдарға, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін орталық мемлекеттік органдарға (бұдан әрі – орталық мемлекеттік органдар) мүлікті республикалық мемлекеттік меншікке өтеусіз беру туралы қолда бар ұсыныс жөнінде х а б а р л а й д ы ;

4) орталық мемлекеттік органдар тиісті ұсынысты алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде мүлікті республикалық мемлекеттік меншікке өтеусіз беру қажеттілігі (қажеттілігінің жоқ екені) туралы қорытындыларды мемлекеттік мүлік жөніндегі у ә к і л е т т і о р г а н ғ а ж і б е р е д і ;

5) орталық мемлекеттік органның қорытындысында көрсетілген мүлікті бекіту болжамдалған мемлекеттік мекеме немесе мемлекеттік кәсіпорын (бұдан әрі – мемлекеттік заңды тұлға) көрсетілуі тиіс;

6) орталық мемлекеттік органдар мүлікті республикалық мемлекеттік меншікке қабылдау қажеттілігі туралы қорытынды берген және аталған қорытындылар осы Ереженің 33-2-тармағында белгіленген критерийлерге сәйкес келген жағдайда, мүлікті республикалық мемлекеттік меншікке өтеусіз беру туралы шешімді мемлекеттік мүлік жөніндегі у ә к і л е т т і о р г а н қабылдайды.

Екі немесе одан да көп мемлекеттік орган бір мезгілде мүлікті республикалық

мемлекеттік меншікке қабылдау қажеттілігі туралы қорытынды берген кезде өз қорытындысын бұрын берген мемлекеттік органдар басымдыққа ие болады.

Мүлікті республикалық мемлекеттік меншікке өтеусіз беру туралы шешім қабылданғаннан кейін күнтізбелік 30 күннен аспайтын мерзімде қабылдау-беру актісі (табыстау актісі) ресімделеді, оған уәкілетті органның аумақтық органы мен мемлекеттік заңды тұлғаның уәкілетті лауазымды адамдарды қол қояды және мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің басшылары

**б е к і т е д і ;**

7) орталық мемлекеттік органдар мүлікті республикалық мемлекеттік меншікке өтеусіз қабылдау қажеттілігінің жоқ екені туралы қорытынды берген жағдайда, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган уәкілетті органға мүлікті республикалық мемлекеттік меншікке өтеусіз қабылдаудан бас тартуды жазбаша түрде жолдайды.

33-4. Мүлікті коммуналдық мемлекеттік меншікке өтеусіз беру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады :

1) коммуналдық меншікті басқаруға уәкілетті орган коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарға және коммуналдық мемлекеттік мекемелерге (бұдан әрі – коммуналдық заңды тұлға) мүлікті коммуналдық меншікке өтеусіз беру мүмкіндігі туралы х а б а р л а й д ы ;

2) коммуналдық заңды тұлға тиісті ұсынысты алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде коммуналдық меншікті басқаруға уәкілетті органға мүлікті коммуналдық меншікке өтеусіз беру қажеттілігі (қажеттігінің жоқ екені) туралы қорытынды жібереді;

3) коммуналдық заңды тұлғалар мүлікті коммуналдық мемлекеттік меншікке қабылдау қажеттілігі туралы қорытынды берген және аталған қорытындылар осы Ереженің 33-2-тармағында белгіленген критерийлерге сәйкес келген жағдайда, коммуналдық меншікті басқаруға уәкілетті орган мүлікті коммуналдық мемлекеттік меншікке өтеусіз беру туралы шешім қабылдайды.

Екі немесе одан да көп коммуналдық заңды тұлға бір мезгілде мүлікті коммуналдық мемлекеттік меншікке қабылдау қажеттілігі туралы қорытынды берген кезде өз қорытындысын бұрын берген тұлғалар басымдыққа ие болады.

Мүлікті коммуналдық меншікке өтеусіз беру туралы қаулы шыққаннан кейін күнтізбелік 30 күннен аспайтын мерзімде мүліктің орналасқан жері бойынша коммуналдық меншікті басқаруға уәкілетті орган мен коммуналдық заңды тұлғаның арасында мүлікті қабылдау-беру актісі (табыстау актісі) ресімделеді.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н*

*К. Мәсімов*

*Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК